


АСТАНА ҚАЛАСЫ  
ӘКІМДІГІНІЦ ҚАУЛЫСЫ  
ЖӘНЕ МӘСЛИХАТЫНЫҢ  
ШЕШІМІ



ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
АКИМАТА И РЕШЕНИЕ  
МАСЛИХАТА ГОРОДА  
АСТАНЫ

2018 жылғы 13 наурыз № 511-434

Астана қаласы

2018 жылғы 13 наурыз № 238/29-VI

город Астана

Астана қаласының  
кошесіне атау беру туралы

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі  
Астана қаласының Әділет департаменті

Нормативтік құқықтық акті 2018 жылғы «19»  
наурыз Нормативтік құқықтық актілерді  
мемлекеттік тіркеудің тізімінен № 1166  
болып енгізілді

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заны 13-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Астана қаласы тұрғындарының пікірін ескере отырып, Астана қаласы Ономастика комиссиясының 2018 жылғы 21 ақпандағы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңындағы Республикалық ономастикалық комиссиясының 2018 жылғы 12 наурыздағы қорытындылары негізінде Астана қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Астана қаласының мәслихаты ШЕШІТІ:

1. Астана қаласының «Алматы» ауданы бойынша:

жобалық атауы № 179 көшеге – Әбуабдулло Рудаки көшесі деген атау берілсін.

2. Астана қаласы «Алматы» ауданының әкімі, «Астана қаласының Сәулет, қала құрылышы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы мен шешімді іске асыру жөнінде қажетті шараларды қабылдасын.

3. «Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының көшірмесін мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Астана қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;


000507

4) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органына осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен Астана қаласы әкімдігінің қаулысы және Астана қаласы мәслихатының шешімі әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Астана қаласының әкімі**



**Астана қаласы мәслихаты  
сессиясының төрайымы**



**Астана қаласы  
мәслихатының хатшысы**

